

Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған Жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 15-17/11 шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы "Жер кодексінің" 15-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, Зайсан аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған Жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Марқабаяв

Зайсан аудандық мәслихатының
2021 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 15-17/11 шешіміне
қосымша

Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар

Қарабұлақ ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар (бұдан әрі – Жоспар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 тіркелді), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 тіркелді) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөптерге деген қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу үдерісінің алдын алу мақсатында қабылданады.

Жоспарда көрсетіледі:

1) Жерлердің санаттары, жер телімдерінің меншік иелері және құқық белгілеуші ікүжаттардың негізінде жер пайдаланушылары бойынша Қарабұлақ ауылдық округының аумағында жайылымдардың орналасу картасы (1 қосымша);

2) Жайылым айналымының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) Жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары, соның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген карта (3 қосымша);

4) Суды тұтыну нормасына сәйкес құрастырылған жайылым пайдаланушыларының су көздеріне (көлдер, өзендер, тоғандар, апандар, суару және суландыру арналары, құбырлы және шахталық құдықтар) қолжетімдік схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауылшаруашылығы мал бастарын жайғастыру үшін және оларды ұсынылған жайылымдарға ауыстыру үшін жайылымдарды қайта бөлу схемасы (5 қосымша);

6) ауылшаруашылығы малдарының жайылуы мен жүруінің маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану бойынша күнтізбелік график (6 қосымша).

Отарлы мал шаруашылығы үшін табиғи-климаттық жағдайлардың сай келмеуіне байланысты және көктемгі-жазғы-күзгі жайылымдар ретінде мал жаю режимі тағайындалған геоботаникалық деректерге байланысты Қарабұлақ ауылдық округінде жеке және заңды тұлғалардың отарлы жайылымдарында ауылшаруашылығы мал бастарын жайғастыру схемасы қарастырылмаған.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеу күйі туралы 1982 жылғы мәліметтерді, жеке және заңды тұлғалардың ауылшаруашылығы мал бастарының саны туралы деректерді ескере отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлінуі бойынша Қарабұлақ ауылдық округында 4 елді мекен бар.

Қарабұлақ ауылдық округының аумағының жалпы ауданы – 108293 га, соның ішінде: егіндік жерлер – 4624 га, тыңайған жерлер – 807 га, шабындықтар – 4076 га, жайылымдар – 87903 га; бақшалар – 32 га; өзге жерлер – 10851 га.

Мал жаю үшін жарамды санаттары бойынша жер былай бөлінеді:

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер – 78281 га;

Елді мекендердегі жерлер – 9622 га.

Климаттық жағдайы бойынша Қарабұлақ ауылдық округінің аумағы шөл-далалық құрғақ және альпілік тундра-шалғындық аймақтарға жатады. Климаты күрт континентальды. Жылына орташа есеппен 280-300 мм жауын-шашын түседі. Жауын-шашынның максималды мөлшері жаз мезгілінде түседі.

Топырақтары негізінен таулы қара топырақ, қошқыл-сарғылт, сарғылт және ақшыл сарғылт топырақ.

2021 жылғы 1 қаңтардағы күйі бойынша Қарабұлақ ауылдық округінде (тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылығы және шаруашылықтардың және шаруа қожалықтары мен ЖШС-ң мал басы) 9603 ірі қара мал бар, олардың арасында: төлдейтін мал 4514 бас, қойлар мен ешкілер 7434бас, жылқылар 4104 бас (1-кесте).

Қарабұлақ ауылдық округінде ауылшаруашылығы малдарының қалыптасқан табындар, отарлар түрлері бойынша былайша бөлінді:

28 табын ірі қара мал;

13 отар ұсақ малдар;

22 табын жылқы.

Қарабұлақ ауылдық округінде 2 ветеринарлық-санитарлық нысан жұмыс жасайды, олардың ішінде 1 мал қорымы, 1 ветеринарлық пункт бар.

Қарабұлақ ауылдық округінде малды айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

1-кесте

№	Елді мекендер	Тұрғындары				Ш/қ және ЖШС				Барлығы			
		ІҚМ		ҰМ	Жылқылар	ІҚМ		ҰМ	Жылқылар	ІҚМ		ҰМ	Жылқылар
		Барлығы	Соның ішінде сауын сиырлар			Барлығы	Соның ішінде сауын сиырлар			Барлығы	Соның ішінде сауын сиырлар		
Қарабұлақ а/о		5082	2257	6368	1431	4521	2257	1066	2673	9603	4514	7434	4104
1	Қарабұлақ а.	2993	1227	3899	847								
2	Дауал а.	656	132	915	205								
3	Мұқашы а.	360	85	743	93								
4	Сәтпай а.	1073	212	811	286								

Қарабұлақ ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы мал бастарының саны туралы деректер

Ауылшаруашылығы малдарын Қарабұлақ ауылдық округі бойынша жайылымдық алқаппен қамтамасыз ету үшін барлығы 78281 га, елді мекендердің маңында 9622 га жайылымдар бар.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес елді мекендерде 9622 га жайылымдық алқап

бар екенін ескере отырып, төлдейтін (сауын) ауылшаруашылығы мал басы бойынша жергілікті елді мекендер (Қарабұлақ, Дауал, Мұқашы, Сәтпай ауылдары) үшін 10764 га жайылым қажет (2-кесте).

2-кесте

Төлдейтін (сауын) ауылшаруашылығы мал бастарын жаю үшін жергілікті тұрғындарға жайылымдардың қажеттілігі

№	Елді мекен	Жайылымдарынауданы, (га)	Сауын сиырлар басы)	1 мал басына шаққанда жайылымдарды пайдалану нормасы(га)	Жайылымдардыңқажеттілігі (га)	Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га)	Артығы (га)
1	Қарабұлақ а.	5122	1227	6,5	7975,5	-2853,5	-
2	Дауал а.	1910	132	6,5	858	-	+1052
3	Мұқашы а.	0	85	6,5	552,5	-552,5	-
4	Сәтпай а.	2590	212	6,5	1378	-	+1212

Жайылымдардың 3406 га көлеміндегі қалыптасқан қажеттілігін Дауал және Сәтпай елді мекендерінің қорындағы жерлерге және орман қорына тұрғындардың мал жаюы арқылы толықтыруға болады, төлдейтін ІҚМ басының қалғанын елді мекендердің жанындағы ауданы 1142 га құрайтын қордағы жерлерде жаю қарастырылуы тиіс.

Жергілікті тұрғындарға басқа ауылшаруашылығы малдарын жаю үшін 39709,2 га көлемінде жайылымдық жер қажет, бір ірі қара мал басының жүктемесі 6,5 га/бас, қойлар мен ешкілер – 1,3 га/бас, жылқылар – 7,8 га/бас (3-кесте).

3-кесте

Ауылшаруашылығы мал бастарын (төлдейтін мал басынанбасқа) жаю үшін жергілікті тұрғындарға жайылымдардың қажеттілігі

№	Елді мекендер	Тұрғындардың мал бастары			1 мал басына шаққанда жайылымдарды тұтыну нормасы(га)			Жайылымдардың қажеттілігі (га)			
		ІҚМ	ҰМ	жылқылар	ІҚМ	ҰМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰМ	Жылқылар	Барлығы (га)
1	Қарабұлақ а.	1766	3899	847	6,5	1,3	7,8	11479	5068,7	6606,6	21154,3
2	Дауал а.	524	915	205	6,5	1,3	7,8	3406	1189,5	1599	6194,5
3	Мұқашы а.	275	743	93	6,5	1,3	7,8	1787,5	965,9	725,4	3478,8
4	Сәтпай а.	861	811	286	6,5	1,3	7,8	5596,5	1054,3	2230,8	8881,6

Жайылымдардың 39709,2 га көлеміндегі қалыптасқан қажеттілігін ЖШС мен шаруа қожалықтарының бос жайылымдарын жергілікті тұрғындардың қажеттілігі үшін 12435,3 га ауданға қайта бөлу арқылы және тұрғындардың ауылшаруашылығы жануарларын Зайсан ауданының қордағы жерлеріне және орман қорына жаю арқылы толықтыру қажет.

Қарабұлақ ауылдық округінің ЖШС мен шаруа қожалықтарында: ірі қара мал - 4521 бас, қойлар мен ешкілер – 1066 бас, жылқылар – 2673 бас.

Қарабұлақ ауылдық округінің ЖШС мен шаруа қожалықтарының жайылымдарға деген қажеттілігі анықталған жоқ (4-кесте).

4-кесте


ЖШС мен шаруа қожалықтарына ауылшаруашылығы малдарын жаю үшін қажеттілігі

№	Округт ы ң атауы	Аудан ы (га)	Түрлері бойынша малдар (бас)			1 мал басына шаққандағы тұтыну нормасы(га)			Жайылымдардың қажеттілігі(га)			
			ІҚМ	ҰМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰМ	жылқылар	ІҚМ	ҰМ	жылқылар	Барлығы (га)
1	Қарабұлақ	64057	4521	1066	2673	6,5	1,3	7,8	29386,5	1385,8	20849,4	51621,7

Жайылымдық жерлерді қажетсінуі төмендету үшін және оларды ұтымды пайдалану үшін Қарабұлақ ауылдық округіне, ЖШС мен шаруа қожалықтарына тыңайған жерлерді пішен шабу үшін бір жылдық жемшөптерді егуге, тамырлық мелиорацияны жүргізуге (топырақтың беткі қабатын қопсыту және жапырылған жайылымдарға көп жылдық шөптерді егу), қыс мезгілінде пішен мен пішендемені дайындау үшін олардың шығымдылығын арттыру мақсатында шабындық учаскелерге көп жылдық шөптерді егуге кеңес беріледі. Жергілікті тұрғындарға ауыл шаруашылығы малдарының бір бөлігін көктем-жаз-күз мезгілінде жайылымдық жерлердің жүктемесіне сәйкес шаруа қожалықтарына мал жаю үшін беруге кеңес беріледі.

Қарабұлақ а.о бойынша
2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 1 қосымша

Жерлердің санаттары, жер телімдерінің меншік иелері және құқық белгілеуші ісқұжаттардың негізінде жер пайдаланушылары бойынша Қарабұлақ ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу картасы



Ауыл шаруашылығы аймақтары
Табиғи жерлер

- Шабанылық
- Табиғи жайылымдар
- Жайылымдарды түбегейлі жақсарту
- Тынайған жерлер

Өсірілетіндер

- Егіндік
- Бау-бақшалар
- Көпжылдық ескелер

Басқа да аймақтар мен жерлер

- Карьерлер
- Елді мекендер
- Батпақтар
- Бұталар
- Мал қорымдары

Қатынас жолдары

- Автомобиль жолдары
- Теміржолдар
- Асфальтсыз жолдар

Су көздері

- Өзендер, бұлақтар, уақытша арыстар
- Көлдер, тоғандар


Шекаралар

- Жер пайдаланушылар
- Елді мекен жерлері



Қарабұлақ а.о бойынша
2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 2 қосымша

Жайылым айналымының қолайлы схемалары



Ауылдар/ауылдары аймақтары
Табиғи жерлер

	Шабандық
	Табиғи жайылымдар
	Жайылымдарды түбегейлі жақсарту
	Тыныш жерлер

Өсірілетіндер

	Егіндік
	Бау-бақшалар
	Көпжылдық егіндер

Басқа да аймақтар мен жерлер

	Қарындар
	Елді мекендер
	Батпақтар
	Бұталар
	Мал қоралдары

Қатынас жолдары

	Автомобиль жолдары
	Теміржолдар
	Асфальтсыз жолдар

Су көлдері

	Өзендер, бұлақтар, уақытша арыстар
	Көлдер, тоғандар


Шекталар

	Жер пайдаланушылар
	Елді мекен жерлері




Қарабұлақ а.о бойынша
2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 3 қосымша

Жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары, соның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген карта




Қарабұлақ а.о бойынша
2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 4 қосымша

Суды тұтыну нормасына сәйкес құрастырылған жайылым пайдаланушыларының су көздеріне (көлдер, өзендер, тоғандар, апандар, суару және суландыру арналары, құбырлы және шахталық құдықтар) қолжетімдік схемасы



Қарабұлақ а.о бойынша
 2022-2023 жылдарға
 арналған жайылымдарды
 басқару және оларды пайдалану
 жөніндегі жоспарға 5 қосымша

Жайылымдары бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауылшаруашылығы мал бастарын жайғастыру үшін және оларды ұсынылған жайылымдарға ауыстыру үшін жайылымдарды қайта бөлу схемасы



Қарабұлақ а.о бойынша
2022-2023 жылдарға

арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 6 қосымша

**Ауылшаруашылығы малдарының жайылуы мен жүруінің маусымдық бағыттарын
белгілейтін жайылымдарды пайдалану бойынша күнтізбелік график**

Ауылдық округ	Басымөсімдіктер	Орташа шығымдылығы, ц/га ,құрғақ масса	Малдарды жайылымдарға шығару мерзімі	Малдарды жайылымнан қайтару мерзімі
Қарабұлақ	Шымды-астықтұқы м д а с — бозды-бетегелі өсімдіктер	7,1	сәуір - мамыр	қыркүйек-қазан
	Бұталы-шымды-аст ықтұқымдас — бозды-бетегелі өсімдіктер	5,6	маусым	тамыз
	Жұмсақсабақты-аст ықтұқымдас — бозды-бетегелі өсімдіктер	11,9	сәуір – мамыр	қыркүйек-қазан
	Ірісабақты-астықтұқ ы м д а с — бозды-бетегелі өсімдіктер	13,2	сәуір - мамыр	қыркүйек-қазан